

А. Б. ӘЗІМБЕК<sup>1\*</sup>, Т. С. СЛАМБЕКОВА<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті  
(Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы),  
email: aidan\_1995.kz@mail.ru<sup>1\*</sup>, email: tolkyn\_1969@mail.ru<sup>1</sup>

## ЖОО ВОЛОНТЕРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ РӨЛІ

### Аннотация

Мақалада Қазақстан Республикасындағы еріктілікті дамытудың қазіргі кезеңінің ерекшеліктері мен оны ЖОО қолдану тәжірибесі талданады. Зерттеудің ақпараттық базасы ретінде «Instagram» әлеуметтік желісінің интернет-қауымдастықтарының деректері пайдаланылды.

Мақалада ЖОО білім алушыларын волонтерлық қызметке тарту, ынталандыруда әлеуметтік желінің рөлі мен пайдасы туралы қарастырылған. Волонтерлық қызмет тарихы, ҚР волонтерлық қызметті ұйымдастыру, ЖОО білім алушыларына Білім және ғылым министрлігі тарапынан ұйымдастырылған ынталандырушы акциялар туралы толығырақ мәлімет берілген.

Зерттеудің тәжірибелік бөлімінде зерттеу базасындағы білім алушылардың ерікті қызметтегі белсенділігі анықталып, сол ұйымның ерікті ұйымдары мен ең жиі қолданылатын волонтерлық ұйымдарының әлеуметтік желілеріне контент талдау жасалынады.

Автор ЖОО студенттерін волонтерлық қызметке тарту үшін жаңа әлеуметтік технологияларды дамыту қажеттілігі туралы, әлеуметтік көмектің бұл түрі білім алушыларды біріктіру мен волонтерлық қызметтің кең таралуының бір түрі реті деп қорытындылайды.

*Кілт сөздер:* ЖОО; волонтер; әлеуметтік желі; Instagram; онлайн волонтер.

**Кіріспе.** Ақпараттық технологиялар заманында кез-келген үйде, әр отбасында ғаламторға қол жетімді электронды құрылғы бар. Виртуалды әлеуметтік желілер жасөспірімдердің өмірінде берік орын алып, оларға оқуда, қарым-қатынаста және ойынсауықта көмектеседі. Мұнда “виртуалды қауымдастық” құруға, ұқсас мүдделері бар адамдармен бірігуге мүмкіндік бар. Мұндай топтардың бір түрі-Волонтерлік қызметті ұйымдастыратын қауымдастықтар. Бүгінде ғаламтор еріктілердің коммуникациясының ең қолжетімді құралына айналды, өйткені мұнда ақпаратты, серіктестерді, ресурстарды және т. б. жылдам табуға болады.

Қазақстанда волонтерлік қызметтің танымалдығы бүгінде айтарлықтай жоғары.

Жастар еріктілігі мемлекеттік жастар саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Волонтерлік қызмет мемлекетке ғана емес, еріктілердің өздеріне де пайдалы. Әлеуметтік желілер арқасында волонтерлер қызметінің өрісі үнемі кеңейіп, барлық жаңа салаларды қамтып, өткізілетін ерікті бағдарламалар, форумдар мен қатысушылардың санын ұлғайтуда.

Жоғары білім беру бағдарламаларының функцияларының бірі жалпы адамзаттық мораль қағидаттарын басшылыққа ала отырып, көшбасшылыққа өз үлесін қосуға, басқарушылық шешімдер қабылдауға дайын жауапты азаматтарды тәрбиелеу болып саналады. Волонтерлік университеттік тәжірибенің бір бөлігі ретінде шешімдерді

өз бетінше қабылдауға дайындығын қалыптастырады, көшбасшылық қасиеттерді дамытады, жеке өсу үшін маңызды болып табылады, әлеуметтік жетілуге қол жеткізуге көмектеседі.

Әр жоғары білім беру ұйымының студенттерді дайындау бағыты, ішкі тәртіп талаптары бар. Волонтерлық қызметті ұйымдастыру ерекшеліктері мен жүргізу талаптары түрліше.

Университеттік деңгейде волонтерлік қызмет студенттердің сабақтан тыс іс-әрекетінің басқа түрлеріне құндылық-маңызды және өміршең балама ретінде анықталады. Еріктілік студенттік белсенділік сияқты құбылыстың ажырамас бөлігі ретінде танылады: студент университеттік іс-шараларға көбірек уақыт бөледі және ол осы іс-әрекетке неғұрлым көп енсе, соғұрлым оның қатысуы соғұрлым жоғары болады.

Ұлыбританиядағы студенттік волонтерлік теоретиктер студенттік қоғамдастықтың өмір сүруінің, шағын топтарда жұмыс істеудің, студенттердің басшылығымен жобаларды іске асырудың, волонтерлік процесте оқытудың, қысқа мерзімді жалпыұлттық және халықаралық бастамаларға қатысудың маңыздылығын атап көрсетеді.

Білім беру мекемелеріндегі еріктілік қызметті дамыту және оған жастарды тарту білім беру саясаты мен кәсіби дайындық саласында да, университеттің имидждік саясатында да бірқатар міндеттерді шешуге мүмкіндік береді: халықтың әртүрлі санаттары үшін аймақтық деңгейде университеттің қолайлы имиджін құру; жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыру арқылы аймақтық және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ету; жетекші университеттерге қойылатын заманауи талаптарға сәйкес келуге қол жеткізу қоғамдық пайдалы ерікті қызметті дамыту; муниципалитетпен, кәсіпкерлік қауымдастықпен, қоғамдық ұйымдармен серіктестік бағдарламалар құру жатады.

#### **Материалдар және зерттеу әдіснамасы.**

Білім беру және еріктілік саласындағы бірқатар ресейлік зерттеушілер мен ұйымдастырушылардың пікірінше, студент-

тердің ерікті қызметін оқу процесіне біріктіруге болады. Мысалы:

О.Р. Данилова ерікті жұмыс оқу және ғылыми-зерттеу қызметімен байланысты болуы және білім алушылардың барлық санаттарын өз ықпалымен қамтуы мүмкін деп санайды. Көптеген волонтерлердің өздері волонтерлікке кәсіптік бағдарлау және кәсіптік практика нысаны ретінде қарайды. Университеттің оқу процесіне Волонтерлік қызметті енгізу студенттердің өмірлік тәжірибе алуын жеделдетуге мүмкіндік береді, болашақ маманның жеке басын кәсіби және жеке анықтауға, болашақ мамандық туралы алғашқы түсінік алуға және болашақ кәсіби қызметтің нақты тәжірибесіне, халықтың әртүрлі санаттарымен, әртүрлі әлеуметтік серіктестермен әлеуметтік - кәсіби өзара іс-қимылдың оң тәжірибесін игеруге негізделген көп мүмкіндіктер береді.

Волонтерлік тарихы бірнеше жүз жылды құрайды. XVIII ғасырда Францияда дамып, ерікті қызмет бүкіл әлемге керемет жылдамдықпен таралады. Әр түрлі елдерден келген еріктілердің тұрақты тәжірибе алмасуының арқасында бүгінде әлемде еріктілер ұйымдарының дамыған жүйесі бар.

Қоғамда әрдайым өзін-өзі тану, өзін-өзі жетілдіру, байланыс және басқа адамдармен қарым-қатынас жасау тәсілі өзі өмір сүретін қоғамдастықтың игілігі үшін жұмыс істейтін адамдар болды. Кәмелетке толған немесе он төрт жасқа толған кез келген азамат ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың жазбаша келісімімен волонтер бола алады. Ерікті көмекшілердің басты мақсаты-өздері жұмыс істейтін ұйымға халыққа көмек көрсетуге жәрдемдесу.

Қазақстан Республикасының жоғары білім беру саласындағы еріктілер қозғалысын ұйымдастырудың ең көп таралған түрі-бұл отряд. ЖОО-дағы волонтерлік жасақ әлеуметтік маңызы бар өтеусіз қызметке ерікті түрде қатысуға ниет білдірген студенттер командасын (жасағын) білдіреді, оны басқаруды волонтерлер қатарынан көшбасшы жүзеге асырады.

ҚР Білім және ғылым министрлігімен бірге студенттерді еріктілік қызметке бейімдеу, тарту мақсатында арнайы шәкіртақы мен оқу ақыларына жеңілдіктер жасалынады. Яғни, жеңілдіктің көлемі студенттің ерікті болып жұмыс атқару уақытына байланысты болып табылады. Жас еріктілерді тіркеу және қолдау үшін елімізде Qazvolunteer.kz. ұлттық желісі онлайн форматта жұмыс жасайды.

Жасақтар жұмысының мазмұны волонтерлік қызметтің таңдалған бағыттарына байланысты. Профильді дайындық бағытына байланысты ауылшаруашылық, педагогикалық, медициналық, құрылыс, қызмет көрсету болып бөлінеді.

Ақпараттық технологиялар волонтерлікті дамытудың маңызды ресурсы болып табылады. Оларды пайдалану жұмыстың тиімділігі мен іске асырылып жатқан жобалардың сапасын арттыруға, кең аудиторияның қызметі туралы айтуға, серіктестік ұйымдармен сенімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге, дамудың жаңа перспективаларын ашуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта қазіргі қоғамда волонтерлік қызмет кеңінен таралды. Мұндай мұқият назар аударудың басты себебі еріктілік азаматтық қоғамның дамуында маңызды рөл атқаратындығын, жас азаматтардың болашақ көшбасшы ретінде қалыптасуына әсер ететінін және көбінесе қоғамның болашақ дамуын анықтайтындығын түсіну болып табылады.

Ғаламдық желінің ең танымал қызметтерінің бірі-әлеуметтік желілер.

**Әлеуметтік желі** – ермектері бірдей адамдардың ғаламторда бірігетін қоғамдастық сайттары. Осы сайттарда адамдар жедел түрде мәліметтер алмасады және достар табады[1].

Бүгінгі таңда олар әртүрлі әлеуметтік сұраныстарды қанағаттандыруға мүмкіндік беретін көптеген функцияларды біріктіреді: бейресми қарым-қатынастан бастап әлеуметтік бастамаларды жүзеге асыруға және ірі жобаларды ұйымдастыруға дейін мүмкіндіктер береді.

Ғаламтор мен әлеуметтік желілердің волонтерлық қызметте жиі қолданылуына

байланысты ғылымда «виртуалды волонтерлық қызмет», «онлайн волонтерлық» сынды ұғымдар пайда болды[2].

Shafiz Affendi M.Y бойынша онлайн волонтерлық анықтамасы бойынша жалпы консенсус жоқ [3]. Онлайн волонтерлықтың мағынасын ашу үшін түрлі терминдер қолданылды. Оларға виртуалды еріктілік, сандық еріктілік, микро еріктілік, кибер қызмет және краудсорсинг кіреді.

**Виртуалды немесе онлайн волонтерлық қызмет** – ғаламтор желісін қолдану арқылы жүзеге асатын, адамдардың белгілі бір ортақ мақсат үшін бірігіп, әлеуметтік көмек түрін ұйымдастыруын айтамыз[4].

Волонтерлық қызметтің зерттелуі бойынша шетелдік және отандық ғалымдар еңбегінен құнды ақпараттар аламыз. Елімізде ел президенті К.Токаев тарапынан 2020 жыл «Волонтерлар жылы» деп бекітілген болатын, жылды қорытындылау мақсатында статистикалық есеп «Қазақстандағы волонтерлікті дамытудың жай-күйі мен перспективалары» атты жинақ жарық көрді. Жинақ мазмұны жағынан еліміздегі волонтерлықтың дамуы жөнінде негізгі ақпараттарды қамтиды. Мысалы соңғы үш жылдық салыстырмалы есеп.

Ресейлік ғалымдар, Жилатова У.А. волонтерлық қызмет түрлері, «В контакте» желісіндегі ерікті ұйымдарға талдау, онлайн ұйымдарды басқару бойынша нұсқаулық әзірлеген[5]. В.А.Смирнов Ресейдегі әлеуметтік желілердің басқарылуы[6], М.С.Горбулева, Ю.И. Носова волонтерлықтың негізгі шығу генезисі [7]. Ж.А. Захарова, К. Ю. Шорохов, А.А. Фролов волонтерлардың азаматтық қоғамның әртүрлі секторларының өкілдерімен өзара әрекеттесуін қарастырды [8], Певная М. Волонтерлық қызметті жүзеге асыру, ондағы менеджмент туралы зерттейді. ЖОО аталған қызметті қолдану арқылы жастарды біріктіру жұмыстарын жүргізудің алгоритмін жасады[9].

S.Congroy, A.Williams Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) кеңінен қолдану арқылы, әлеуметтік желінің мүмкіндігін қолдана отырып волонтерлық

қызметпен айналысу жұмыс пен отбасы тепе-теңдігін сақтайтындығы туралы зерттейді[10].

Nihan Şengöz, ұлтаралық волонтерлық қызмет, Туркия мемлекетіндегі аталған қызметтің іске асырылуы, даму тарихы, қалыптасуы жөнінде қарастырып, адамдардың волонтер болуға ниетінің пайда болу мотивациясын анықтау әдісі ұсынған[11].

İmdat Elmas, дәрігерлердің волонтерлық қызметке қатысуы, тегін емдеу, халықты аралау арқылы дәрігерлік көмек көрсетуі, оған негізгі түрткі зерттеген болатын [12].

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы жастарында қоғамдық іс-шараларға деген белсенділік жоғарылауда. Республиканың кез келген елді мекенінде әлеуметтік мәселеге тап болған адамдарға көмектесуге тырысатын адамдарды, балалар үйлеріне тегін барып, ауру балаларға көмектесетін, із-түссіз жоғалғандарды іздейтін, жануарларды қорғайтын, белгілі бір аумақты игеруге қатысатын өзін-өзі ұйымдастыратын топтарды табуға болады[13].

Волонтерлық қызметті ұйымдастырылуына байланысты екі топқа бөліп қарастырамыз. Біріншісі, мемлекеттік басқармалар тарапынан құрылған ұйымдар, екіншісі, қоғамдық белсенді топтар негізін салушылар. Мемлекеттік волонтерлық ұйымдар-мемлекеттік басқарушы ұйымдар тарапынан ұйымдастырылған, бір орталыққа бағындырылған ұйымдар[14].

Ғаламтордағы волонтерлық қызметті төмендегідей жіктейміз:

1) Ұйымдастырылуы бойынша:

– ресми онлайн-волонтерлік-заңға сәйкес волонтерлермен ынтымақтаса алатын үкіметтік емес ұйымдардың, мекемелердің немесе басқа институттардың басшылығымен;

– бейресми еріктілік-бейресми топтардың басшылығымен, әдетте азаматтардың мәселелерін шешу үшін жергілікті бастамалар түрінде;

2) Ұйымдастырушылар мен еріктілер арасындағы қатынастар және ынтымақтастық түрлері бойынша:

1. Тікелей онлайн еріктілік: ұйым мен еріктілер арасындағы қарым - қатынас әдеттегі еріктілікке ұқсайды;

2. Қоғамдық онлайн еріктілік: көптеген адамдар қатысатын жобаларға ерікті жұмысшыларды тартуға негізделген. Көбінесе кез-келген адам жобаға жиынтықсыз қосыла алады, ал ерікті ынтымақтастық туралы келісім қызмет көрсету шарттарына сәйкес ерікті тапсырмаларды орындау үшін пайдаланылатын өтінішке немесе веб-параққа ауыстырылады;

3) Жоба мақсатына байланысты:

– халыққа әлеуметтік көмек көрсету мақсатында қоғамнан қаражат жинау және электронды қайырымдылық;

– краудсорсинг: жалпы ақаулықтарды жою және / немесе жаңа идеяларды іздеу;

– қашықтықтан оқыту: ғаламторды пайдалана отырып репетиторлық және оқыту;

– білім жинау: білімнің ортақ ресурстарын құру;

– әлеуметтік сала студенттерінен құралған волонтерлар (түрлі концерттік бағдарламалар, әлеуметтік ұйымдарға көмек беру).

4) Жұмсалған уақыт саны бойынша:

– микро еріктілік: бірнеше минуттан бірнеше сағатқа дейін шешілетін волонтерлық міндеттер;

– ұзақ мерзімді онлайн еріктілік: веб-бетті жаңарту, әлеуметтік медиа профильдерін жүргізу.

5) Электрондық волонтерлық сипаты бойынша жүзеге асырылады:

– тұрақты: ынтымақтастық ұзаққа созылады және ұзақ уақытқа созылған тапсырмаларды аяқтаудан тұрады(қайталанатын немесе логикалық реттілік түрінде);

– циклдік: жобаның жеке кезеңдерінің сәттілігіне байланысты белгілі бір уақыт аралығында қайталанатын;


– жобалық негізде: бір мезгілде мүмкіндігінше көп адамды тартуға бағытталған қысқа мерзімді «іс-қимылдармен» сипатталады ;

Волонтерлік ұйымдағы қоғаммен байланыс олардың қызметінде негізгі, қажетті элемент екенін атап өткен жөн. Бұл жұмыссыз

еріктілер орталығының қызметіне жана мүшелерді тарту, ұйымның қалыпты жұмыс істеуін және одан әрі дамуын қамтамасыз ету мүмкін емес[15].

**Нәтижелер мен талқылау.** Зерттеу сұрағы аясында Еуразия ұлттық университеті студенттері мен оқытушыларынан анайы сауалнама алынды. Зерттеудің мақсаты: Студенттер мен мұғалімдер арасындағы әлеуметтік желідегі белсенді волонтерлық топтарды зерттеу, қызметтерін талдау және тәжірибе алмасу болды.


Зерттеу базасы: Еуразия ұлттық университетіндегі Әлеуметтік желіні қолданушылар. Зерттеу бөлімі екі кезеңнен тұрады. **Бірінші кезең:** Жас ерекшелігі әр түрлі ұстаздар мен студенттер арасынан ең жиі қолданылатын әлеуметтік желілер тобы туралы ақпараттар алу үшін «Әлеуметтік желі-менің өмірімде» тақырыбында сауалнама алынды. Сауалнамаға 18 және 60 аралығындағы 48 респондент қатысты. Олардың ішінде 28 әйел, 20 ер адам.



Сурет 1. Сауалнамаға қатысушылардың жас ерекшелігі диаграммасы

Волонтерлық қызмет туралы ақпаратты қайдан аласыз?

48&nbsp;ответов



Сурет 2. «Волонтерлық қызмет туралы ақпаратты қайдан аласың?» сұрағының нәтижесі




Ақпараттарды жинауда жоғары белсенділік танытқан 25-30 жас аралығындағы жастар болды.

Сұрақ нәтижесін талдау барысында қазіргі таңда волонтерлық көмек көрсету немесе

көмек қажет екенін хабарлау туралы ақпарат әлеуметтік желі арқылы таралатынын байқадық. Қоғамдық белсенділер тарапынан арнайы ашылған волонтерлық парақшалар мен қолдау көрсету орталықтары бар.

**Әлеуметтік желінің қандай түрін қолданасыз?**

48&nbsp;ответов



Сурет 3. «Әлеуметтік желінің қандай түрін қолданасыз?» сұрағының гистограммасы

Көрсетілген сұрақ мақсаты қоғамда кең тараған, жалпы ортақ қолданысқа ие әлеуметтік желіні анықтау болатын. Нәтижесінде ең жиі және ауқымды аудиторияға ие әлеуметтік желі «Instagram» 43 дауыс, яғни 89,6% ; «Facebook» 14 дауыс, 29,2%; «Telegram» 30 дауыс, 62,5%; «ВКонтакте» желісі 15 дауыс, 31,3%; «Email» 26 дауыс 54,2%. Осылайша, ақпаратты жедел алуға және беруге, сондай-ақ жастардың аффилиацияға деген қажеттілігін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін интернет ресурстары анықталды.

Ең көп қолданушылар жауап берген «Instagram» желісіндегі белсенді волонтерлық ұйым?» сұрағына қолданушылар: «Асар Уме», «Алтын жебе», «Астана жастары», «Эко волонтерлар», «Жасыл ел», «Клуб добряков» деген жауаптар жоғары пайыздарды көрсетті.

**Екінші кезең:** Бірінші кезеңде алынған материалдар негізінде белсенді мемлекеттік және мемлекеттік емес волонтерлық ұйымдар таңдалып алынып, контент анализ жасалды.

Qazvolunteer Ұлттық волонтерлар желісінен алынған ақпарат бойынша қазіргі

таңда елімізде волонтерлар тарапынан мемлекеттік 1041 жоба жүзеге асырылып, жұмыс жасауда. Сонымен қатар мемлекеттік емес, алайда белсенділер тобынан құралған ұйымдар да ерекше нәтижелер көрсетуде.

Сауалнама барысында белсенді деп танылған «Астана жастары» ұйымы таңдалып алынып, контент талдау жасалды және негізгі талдауда басшылыққа алынатын талаптар таңдап алынды (Сурет 4).

**«Астана жастары» волонтерлық ұйымы** – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігіне қарасты коммуналдық мемлекеттік мекеме. 2014 жылғы 7 ақпанда өңірлік деңгейде жастар саясатын іске асыру үшін құрылған және әкімдіктің ведомстволық бағынысты ұйымы болып табылады. «Астана жастары» КММ 14-29 жас аралығындағы жастармен жұмыс істейді.

Негізгі жұмыс жасау бағыттары:

- Экологиялық;
- Әлеуметтік;
- Оқиғалық;
- Жануарларға көмек;
- Төтенше жағдайдағы көмек;
- Спорттық;
- Корпоративтік;




Сурет 4. Талдау барысында басшылыққа алынатын талаптар

«Instagram» әлеуметтік желісінің техникалық мүмкіндіктері белгілі бір қызметтер мен қызмет түрлерін жарнамалау, бақылау, кері байланыс, жарнамамен байланысты ұйымдастырушылық мәселелерді шешуге көмектеседі. Сонымен қатар, жеке параққа кіру мүмкіндігі белгілі бір волонтер туралы негізгі және қосымша ақпарат алуға мүмкіндік береді. «Instagram» әлеуметтік желісі жаппай сипатқа ие, оның қол жетімділігі, ақпаратты

қабылдау жылдамдығы және т. б. Арқасында жастар арасында танымал әлеуметтік желілердің бірі. Аталған әлеуметтік желінің мүмкіндіктерін ескере отырып

Инстаграм желісінде 11 500 тіркелушісі бар. Тіркелушілердің 90% 45 жасқа дейінгі азаматтар. Күнделікті ақпараттар жаңартылып отырады, жастарды көмек көрсетуге, жанашырлыққа үгіттейді.



Сурет 5. «Instagram» желісіндегі парақшадан үзінді

Алынған нәтижелерді қорытындылай келе, Интернет-ресурстарға жүгіну еріктілерге қарым-қатынастың негізгі функцияларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, атап айтқанда:

1. Функционалдық-ақпарат алуды, беруді білдіреді;

2. Интегративті функция-нақты мәселелерді шешу үшін пікірлестерді іздеуді қамтиды;

3. Әлеуметтену функциясы-қарым-қатынастағы этикет дағдыларын дамыту болып табылады (мысалы, ризашылық білдіру);

4. Экспрессивті функция-еріктілерге қарым-қатынасты анықтауға көмектеседі;

5. Өзін-өзі көрсету функциясы еріктілердің зияткерлік, жеке әлеуетін; аударма функциясы белгілі бір қызметтерді жарнамалау, еріктілік акцияларға қатысты бағалау мен пікір білдіру және т.б.;

Әлеуметтік бақылау функциясы- қызметті реттейді, ақпаратты нақтылауға көмектеседі.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, қоғамда еріктілік қызмет туралы ақпараттар волонтерлық ұйымдардың әлеуметтік желілерінен алынады және тиімділігі, кең аудиторияны қамтуы жағынан басымдыққа ие. Берілетін ақпарат тез, әрі визуалды жеткізіледі. Студенттер арасында көмек көрсетуге деген қызығушылық тудырады.

Еуразия ұлттық университеті тәжірибесінде қазіргі таңда екі ірі волонтерлық желі жұмыс жасайды. Олар «Eco club ENU»

және «Qamqog ENU». Ақпараттар әлеуметтік желілер арқылы таралып, әкімшілік тарапынан волонтерлар арасынан үздіктері анықталып, ынталандыру сыйлықтары тарту етіледі.

**Қорытынды.** Жүргізілген талдау бүгінгі таңда еріктілік сән трендіне айналғанын айтуға мүмкіндік береді, мұны волонтерлік онлайн-қоғамдастықтарға қатысушылардың едәуір саны куәландырады. Біз бұл қауымдастықтар қатысушылардың саны жағынан да, қызмет бағыты мен форматы тұрғысынан да сараланған деп айта аламыз. Бұл ретте еріктілер қозғалысының негізгі тірегі-студенттер.

Біздің еліміздегі еріктіліктің дамуын басқару тұрғысынан маңызды болып ерікті қозғалысқа қатысушылардың жеке дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыруға негізделген мүдделерін, құндылықтары мен әлеуметтік көзқарастарын ескеру табылады. Дәл осы уәждер бүгінде волонтерлік жобаларға тарту үшін маңызды болып табылады.

Азаматтарды ерікті белсенділікке тарту практикасы мен технологияларын қайта қарау, оларды жеке акциялар мен іс-шараларға қатысу үшін жұмылдыру схемасынан бас тарту маңызды болып көрінеді. Әр түрлі жастағы, жыныстағы, кәсіби және әлеуметтік мәртебесі бар азаматтар тартылуы мүмкін ұзақ мерзімді жобаларды дамытуға баса назар аударылуға тиіс.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер*

[1] [https://kk.wikipedia.org/wiki/Әлеуметтік\\_желілер](https://kk.wikipedia.org/wiki/Әлеуметтік_желілер)

[2] Алиев С.К. Волонтерская деятельность: справочник. Семей, 2018.

[3] Shafiz Affendi Mohd Yusof: Time, love and tenderness: Doctors' online volunteering in Health Virtual Community searching for work-family balance/ Journal of Infection and Public Health 14 (2021) 1–5.

[4] Ляшенко М.И. Педагогическое волонтерство как вид добровольческой деятельности студенческой молодежи Мир науки, культуры, образования. no 6 (67) 2017

[5] Жилатова У.А. Социальная сеть как способ продвижения волонтерства в современной России no (6) 2018.

[6] В.А. Смирнова Онлайн-сообщества российских волонтеров Вестник Томского государственного педагогического университета. 2017.

[7] Горбулёва М.С. Добровольчество: генезис и мотивы // Вестник Томского государственного педагогического университета. 2017 No 5 (158). С.140-146.],

[8] Захарова Ж.А., Вязанкина А.В. Подготовка наставников-волонтеров в рамках регионального проекта «Ты не один» // Вестник Костромского государственного университета им. Н.А. Некрасова. 2017. No 3. Т.19. С. 157-160



- [9] Певная М. Волонтерство как социальный феномен: управленческий подход /Диссертация. 2016
- [10] Conroy S, Williams A. Use of Internet, Social Networking Sites, and Mobile Technology for Volunteerism: Implications for Volunteer Recruitment and Engagement. Washington, DC: AARP; 2014 <http://www.aarp.org/research>.
- [11] Nihan Şengöz, Eskişehir Anadolu Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Aralık, 2016.
- [12] İmdat Elmas Kannabinoit türevi kullanıcılarında zorunlu ve gönüllü tedaviye yaklaşımı etkileyen faktörler Uzman Psikolog Ceren KOÇ İstanbul, 2021.
- [13] Petek Akman Effects of motives, volunteer role identity Bogazici university, İstanbul, 2020.
- [14] Овсий В. В. Молодежное волонтерство как объект социологического исследования Гуманитарий юга россии том 9(41)1 2020.
- [15] Әзімбек А.Б. Волонтерлық іс-әрекет: шетелдік және қазақстандық тәжірибе ВЕСТНИК Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия Педагогика. Психология. Социология No 4(137)/2021.

#### References

- [1] [https://kk.wikipedia.org/wiki/Aleumettik\\_zheliler](https://kk.wikipedia.org/wiki/Aleumettik_zheliler)
- [2] Aliev S.K. Volontjorskaja dejatel'nost': spravocnik. Semej, 2018.
- [3] Shafiz Affendi Mohd Yusof: Time, love and tenderness: Doctors' online volunteering in Health Virtual Community searching for work-family balance/ Journal of Infection and Public Health 14 (2021) 1–5.
- [4] Ljashenko M.I. Pedagogicheskoe volontjorstvo kak vid dobrovol'cheskoj dejatel'nosti studencheskoj molodjozhi Mir nauki, kul'tury, obrazovaniya. no 6 (67) 2017
- [5] Zhilatova U.A Social'naja set' kak sposob prodvizheniya volonterstva v sovremennoj Rossii no (6) 2018.
- [6] V.A. Smirnova Onlajn-soobshhestva rossijskih volonterov Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta. 2017.
- [7] Gorbujlova M.S. Dobrovol'chestvo: genezis i motivy // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta. 2015. No 5 (158). S.140-146.
- [8] Zaharova Zh.A., Vjazankina A.V. Podgotovka nastavnikov-volonterov v ramkah regional'nogo proekta «Ty ne odin» // Vestnik Kostromskogo gosudarstvennogo universiteta im. N.A. Nekrasova. 2017. No 3. T.19. S. 157-160.
- [9] Pevnaja M. Volonterstvo kak social'nyj fenomen: upravlencheskij podhod /Dissertacija. 2017.
- [10] Conroy S, Williams A. Use of Internet, Social Networking Sites, and Mobile Technology for Volunteerism: Implications for Volunteer Recruitment and Engagement. Washington, DC: AARP; 2017 <http://www.aarp.org/research>.
- [11] Nihan Şengöz, Eskişehir Anadolu Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Aralık, 2017.
- [12] İmdat Elmas Kannabinoit türevi kullanıcılarında zorunlu ve gönüllü tedaviye yaklaşımı etkileyen faktörler Uzman Psikolog Ceren KOÇ İstanbul, 2021.
- [13] Petek Akman Effects of motives, volunteer role identity Bogazici university, İstanbul, 2020.
- [14] Ovsij V.V. Molodezhnoe volonterstvo kak obekt sociologicheskogo issledovanija Gumanitarij juga rossii tom9(41)1 2020
- [15] Azimbek A.B. Volonterlyk is-areket: sheteldik zhәне қазақстандық tazhiribe VESTNIK Evrazijskogo nacional'nogo universiteta imeni L.N. Gumileva. Serija Pedagogika. Psihologija. Sociologija No 4(137)/2021.

#### Роль социальной сети в организации волонтерской деятельности вуза

А.Б. Әзімбек<sup>1</sup>, Т.С. Сламбекова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева  
Нур-Султан, Казахстан

#### Аннотация

В статье анализируются особенности современного этапа развития добровольчества в Республике Казахстан и опыт его применения вузом. В качестве информационной базы исследования использованы данные интернет-сообществ социальной сети «Instagram».

В статье рассматривается роль и польза социальной сети в привлечении, стимулировании обучающихся вузов к волонтерской деятельности. Более подробно об истории волонтерской деятельности, организации волонтерской деятельности в РК, стимулирующих акциях, организованных Министерством образования и науки для обучающихся вузов.

В практической части исследования выявляется активность обучающихся в добровольной деятельности на базе исследования, проводится контент-анализ добровольных организаций и социальных сетей наиболее часто используемых волонтерских организаций.

В статье автор пишет о необходимости развития новых социальных технологий для вовлечения студентов вузов в волонтерскую деятельность, делая вывод, что данный вид социальной помощи является одним из видов интеграции обучающихся и широкого распространения волонтерской деятельности.

*Ключевые слова:* ВУЗ; волонтер; социальная сеть; Instagram,; онлайн волонтер.

### **The role of social networks in organizing university volunteer activities**

*A.B. Azimbek<sup>1</sup>, T.S. Slambekova<sup>1</sup>*

*Eurasian National University named after L.N.Gumilev,  
Nur-Sultan, Kazakhstan*

#### *Abstract*

The article analyzes the features of the current stage of development of volunteerism in the Republic of Kazakhstan and the experience of its application by universities. Data from internet communities of the social network “Instagram” was used as an information base for the study.

The article discusses the role and benefits of social networks in attracting and motivating university students to volunteer activities. More detailed information about the history of volunteer activities, the organization of volunteer activities of the Republic of Kazakhstan, incentive actions organized by the Ministry of Education and Science for university students is provided.

In the practical part of the study, the activity of students in voluntary activities based on the research is determined, content analysis of social networks of volunteer organizations and the most commonly used volunteer organizations of this organization is carried out.

The author talks about the need to develop new social technologies to attract university students to volunteer activities, concluding that this type of social assistance is one of the ways to unite students and spread volunteer activities.

*Keywords:* University; volunteer; social network; Instagram; online volunteer.

*Редакцияға 01.03.2022 қабылданды.*

*МРНТИ 14.23.09*

*\DOI 10.51889/4474.2022.44.99.003*

*А.Н. САРЖАНОВА*

*<sup>1</sup>Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева,  
Петропавловск, Казахстан tmndo@mail.ru*

### **ОБУЧЕНИЕ ГРАМОТЕ ДОШКОЛЬНИКОВ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ**

#### *Аннотация*

В статье рассматриваются проблемы обучения грамоте дошкольников на современном этапе. Авторы придерживаются мнения о том, что обучение грамоте должно осуществляться в нескольких направлениях: развитие устной речи ребенка (фонематический слух, владение звуковым анализом), развитие психических процессов (память, мышление, внимание), развитие мелкой моторики. Содержание данных на-